

Таңқұрай шаруашылығы



Таңқурай (лат. *Rubus idaeus*)- раушангүлділер тұқымдасының бір түрі. Биіктігі 1—3 м, сабағы тікенді, жапырағы қалың, атпа тамырлы, көп жылдық шала бұта. Жемісі сүйекті, түсі қызыл, сары. Жемісінің құрамында қант, пентон, органикалық қышқылдар, С, А, В витаминдері, хош иісті заттар бар. Жемісін жеуге және тосап, шырынсу, шырын, шарап, т.б. дайындауға пайдаланады.



Қолданылуы:

Таңқурай құрамында адам ағзасы үшін пайдалы заттар өте көп, атап айтқанда: аскорбин қышқылы, глюкоза, органикалық қышқылдар, спирттер, кетондар, ақуыздар, пектиндер, азот қоспалары, илік заттар, С, А, В топ дәрумендері. Таңқурайдан жасалған қайнатпаны дене қызуын түсіруге, несеп жүргізуге, бүйрек тасын шығаруға, іш ауруына, қант диабетіне, өт айдауға пайдаланады. Гемоглобин мөлшерін арттыру, қан тоқтату, суық тигенде дене қызуын басуға, іш тоқтатуға, қан аздыққа, жүйке ауруларына, бронхитке, жөтелге қарсы қолданады. Таңқурай жемісін табиғи қалпында немесе кептірілген күйінде қайнатып, сусын жасап, қыста тұмау кезінде пайдаланады. Әсіресе, тибет медицинасында таңқурайдың жапырағы, жемісі және сабағы қолданылады. Жапырақтарын бұқтырып шайдың орнына ішеді. Сонымен қатар таңқурайдан тосап, сусын, шырын, джем жасайды. Кондитерлік тағамдарға қосады.



Таңқұрай түрлері

```
graph TD; A[Таңқұрай түрлері] --- B[Ремонтантты сары түсті Гигант таңқұрайы]; A --- C[Қызғылт сары ремонтантты алып таңқұрайы]; A --- D[Гигант қызыл түсті ремонтантты таңқұрайы];
```

Ремонтантты сары түсті
Гигант таңқұрайы

Қызғылт сары ремонтантты
алып таңқұрайы

Гигант қызыл түсті ремонтантты
таңқұрайы

* Таңқұрай-обыр дертіне қарсы шипалы ем екені анықталды.





Жоба анкетасы:

Инвестициялық жобаның мақсаты: Таңқурай өсіру және алынған өнімді сату және көтерме бөлшектеп сату негізгі мақсаты болып табылады.

Өнім: Таңқурай.

Жобаның бағасы: 4,6 млн. тенге.

Жобаның сатылымы: 2 жыл.

Жобаның дамуына инвестициялық қаржыландыру
Капиталға қажетті қаражат Бағасы

Жылыжай, 20 соттық
4 000 000

Тамшылатып суғару әдісі
320 000

Көшеттер (1,5x2), 600
180 000

Тыңайтқыштар
5 776

Су
96 000

Барлығы
4 601 776

Жылыжай. Жылыжайдың бір квадрат метрінің бағасы– 2,000 теңге, 2,000 м² жылыжай салуға кеткен барлық шығын 4 млн. теңге.

20 соттық жерді тамшылатып суғару әдісіне есептелген қаражат мөлшері 320 мың теңге. Көшеттер. 600 көшеттерді отырғызу барысында 2x1,5 көлеміне кеткен қажетті көшеттік материал әрбір көшет 300 теңге. (600 көшет*300 теңге/көшет = 180 мың теңге) Суғармалы су. Әр көшетке жылына 3 - 4 рет орта есеппен 7 литр су кетеді. 600 көшеттің әрқайсысына * 7 литр су * 4 рет мезгіліне = 96 мың теңге.

20 соттық жерге кететін тыңайтқышқа кететін нормалық шығын:
Тыңайтқыш

Нормалық шығын, кг 20 соттық
Бағасы, теңге
Сомасы, теңге

Аммиакты селитра
12
60
720

Суперфосфат
25
90
2 250

Калий тұзы
16
100
1 600

Мочевина
9
134
1 206

Барлығы
62

5 776

Персонал және шығындар:
Қызметі/Мамандығы
Айлық ақысы, теңге
Жылдық ақысы, тенге

Бағбан-оператор
30 000
360 000

Кіріс - шығыс есебі:

Мақаланың атауы

1 жыл

2 жыл

3 жыл

Таңқурайдың сатылуынан түскен пайд

3 510 000

3 510 000

3 510 000

Операциялық шығындардың қорытындысы

824 648

644 648

644 648

Операциялық кіріс

2 685 352

2 865 352

2 865 352

Корпоративтік табыс салығы

105 300

105 300

105 300

Таза пайда

2 580 052

2 760 052

2 760 052

Жинақталған табыс

2 580 052

5 340 104

8 100 156

Назарларыңызға

рахмет!!!